

**"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіліп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 107 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2021 жылғы 4 тамыздағы № 275/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23896 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Күшін жою көзделген – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 17.03.2026 № 149/НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына бекітіліп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13263 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына бекітіп берілетін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерінің тізбесінде:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Ақпараттық жүйелер:

- 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы;
- 2) "электрондық үкіметтің" шлюзі;
- 3) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 4) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 5) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 6) "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі" ақпараттық жүйесі;
- 7) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
- 8) "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;

- 9) "Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 10) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталы" ақпараттық жүйесі;
- 11) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;
- 12) кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 13) тәуекелдерді селективті бақылау және басқару;
- 14) статистика, талдау, сыртқы сауда статистикасының деректеріне қолжетімділікті ұйымдастыру;
- 15) голографиялық қорғау элементі бар есептік-бақылау маркаларын пайдаланумен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау;
- 16) акцизделген өнімнің және мұнай өнімдері жеке түрлерінің өндірілуі мен айналымын бақылау (Акциз);
- 17) интеграцияланған деректер қоймасы;
- 18) "Web-декларант" электрондық декларациялау кешені;
- 19) қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі;
- 20) "АХАЖ" ақпараттық жүйесі;
- 21) "Жылжитын мүлік тізілімі" ақпараттық жүйесі;
- 22) "Ұлттық зияткерлік меншік институты" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі ;
- 23) "e-learning" электрондық оқыту ақпараттық жүйесі;
- 24) "Салық төлеуші кабинетінің Web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;
- 25) "Салық есептілігін өңдеу жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 26) "Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың өнеркәсіптік платформасы" ақпараттық жүйесі;
- 27) "Интеграцияланған салық ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесі;
- 28) "Деректерді бірыңғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 29) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;
- 30) "ҚР Қаржымині МКК Web-порталы" ақпараттық жүйесі;
- 31) "Салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің тізілімі" ақпараттық жүйесі;
- 32) "Электрондық шот фактуралар" ақпараттық жүйесі;
- 33) "Жедел басқару орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 34) "Интеграцияланған кедендік тариф" ақпараттық жүйесі;
- 35) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильді офісі" ақпараттық жүйесі;
- 36) "Қазақстан Республикасының электрондық нысандағы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесі;
- 37) "Мемлекеттік жер кадастры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

38) "Мобильді үкімет" ақпараттық жүйесі;

39) "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

40) "ASHYQ" Платформасы" бағдарламалық жасақтама (электрондық-есептеу машинасына арналған бағдарлама)".

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрлық шешімдер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсыну.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің міндетін атқарушы*

*А. Оразбек*